ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 30 маусым №2301-24-00-2/1307 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Саудабаев, Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№2 Атырау қалалық емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Аманегльдыевна Нигметованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы іс бойынша шығарылған шешіміндегі қате жазуларды түзету туралы мәселені қарап

анықтағаны:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№2 Атырау қалалық емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (келесіде – талап қоюшы) сотқа жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Аманегльдыевна Нигметованы (келесіде – борышкер) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген.

Соттың 2024 жылғы 24 маусымдағы шешімімен Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№2 Атырау қалалық емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынің жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Аманегльдыевна Нигметованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (келесіде – АПК) 235-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сот шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын тұлғалардың арызы бойынша түзете алады.

Анықталғандай, сот шешімінде жауапкердің атауы жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Аманегльдыевна Нигметова деп қате жазылған, яғни шешімде жауапкердің атауы жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Амангельдыевна Нигметова деп көрсетілуі тиіс.

Аталған қате жазулар арифметикалық, техникалық себептерден орын алған.

Көрсетілгеннің негізінде, сот шішіміндегі қате жазуларды түзетіп, жауапкер ретінде жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Амангельдыевна Нигметова деген сөздермен ауыстыру қажет.

АПК-тің 235, 268-269-баптарын басшылыққа алып, сот

ұйғарды:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№2 Атырау қалалық емханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Амангельдыевна Нигметованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық іс бойынша 2024 жылғы 24 маусымдағы шығарылған шешіміндегі қате жазулар түзетілсін.

Шешімде жауапкердің атауы жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Амангельдыевна Нигметова деген сөздермен ауыстырылсын.

Ұйғарымға жеке шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 429-бабының талаптарын сақтай отырып ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев

Анықтама: ұйғарым түпкілікті нысанда 2025 жылғы 30 маусымда дайындалды.

Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 30.06.2025